

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 20 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мұнай өнімдерін өндірушілердің, мұнайды жеткізушілердің және мұнай өнімдерін базалардан сатуды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметіне мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсыну нысандарын, ережелері мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы № 201 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 9, 111-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 352 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 13, 157-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 14-тармағы.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*